

ШӘКӘРІМ ШАҢҒЫРАҒЫ



Арнайы басылым: Шәкәрім Құдайбердіұлына 165 жыл

2023 жыл
№4 (152) қыркүйек

ҚҰРМЕТТІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ, ҚАДІРЛІ ӘРІПТЕСТЕР, ЖЕРЛЕСТЕР!



Сіздерді бүгінгі қазақтың ғұлама ойшылдарының бірі Шәкәрім Құдайбердіұлының асыл мұрасына арналған дәстүрлі «Шәкәрім оқулары - 2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Шәкәрім Құдайбердіұлы – қазақ мәдениетін, әдебиетін жоғары деңгейге көтерген ғұлама ғалым! Еліміздің түкпір-түкпірінде, республика, әлем көлемінде ғұлама философ мерейтойына орай ауқымды іс-шаралар өтуде.

Шәкәрім бабамыздың есімі халқына қайта оралып халық игілігіне айналғалы да отыз жылдан аса уақыт болды. Ақынның ұшан-теңіз мұрасының жас ұрпаққа берер тағылымы, үйретер тәлімі айрықша!

Жастар ақыннан не алу керек? Оның күллі шығармашылық мұрасы білім идеясына негізделген. Білім нәрімен игі тәрбие қатар жүретіні анық. Шәкәрім шығармаларында білімге үндеу, сауаттылықты насихаттау көбінесе «ғылым» сөзімен берілген. Ойшыл тұлғаның жастарға білімнің ең биік дәрежесі саналатын ғылымның не екенін ұқтыруға ұмтылғанын көреміз.

*Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да ғылым біп.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса, ғылым түп.*

Біліммен қорғанудың қасиетін ұғу және оны жұртқа анық сездіру отаншылдық ниеттен туған. Ол «Жастарға» атты өлеңінде тіршілікте адам баласына «өшпес өмір, таусылмас мал берерлік» тек білім қуаты екенін жырға қосып, данышпан Абайды үлгі етіп көрсетіп, «Не де болса білімді ізденелі!» деп ұран салды.

Шәкәрім бабамыздың есімімен аталатын Абай елінің қасиетті қара шаңырағында өткізіліп отырған конференцияның маңызы зор. Бар асылын, білім мен білігін аямай жұмсаған арыстарымызды халық болып қастерлеу, насихаттау болашақ игілігіне айналдыру – құттарлық іс-шаралардың бірі!

Осындай ерекше маңызды күні шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Құрметті конференцияға қатысушылар!
Сіздерге шығармашылық табыс және жұмыстарыңыздың жемісті болуына тілектеспін.

Құрметпен, Саясат НҰРБЕК
ҚР Ғылым және жоғары
білім министрі

ҚАДІРЛІ ФОРУМ ҚОНАҚТАРЫ! ҚҰРМЕТТІ ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ!

Бүгін біз, ұлы гуманист, кеменгер ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толуына арналған «Шәкәрім оқулары – 2023» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясына жиналып отырмыз. Бұл мереке барша Алаш жұртының айтулы мерейтойы деп бағалауымыз қажет.

«SHAKARIM FORUM: жоғары білімдегі жаңа көжиектер» деген атпен ауқымды іс-шаралар кешені өтуде. Бұл – тек әдебиеттанушы, тарихшыларды ғана емес, әртүрлі сала мамандарының басын қосқан, өзекті мәселелерін талқылаған, болашағын бағдарлаған бас қосу. Күні кеше құрылған Абай облысының өркендеуіне, қуатты өңірге айналуына ықпалын тигізер бастамалар деп есептейміз.

Шәкәрім әлемі – әлі толыққанды зерттеліп, қалың

оқырман жаппай түсініп болмаған ерекше бір әлем. Өйткені Шәкәрім – бір әдебиеттің төңірегіне бірнеше ғылымның басын тоғыстырған күрделі тұлға. Ақынның «Үш анығы» әдебиет пен философияның тоғысқан жері болса, шежіре еңбегі әдебиет пен тарихтың, ал «Мұсылмандық кітабы» әдебиет пен теологияның түйіскен жері. Сол себепті әдебиетшілер мен тарихшыларды, философтар мен өнер зерттеушілерін, педагогтар мен өзге де маман иелерін осы істе бір кісідей жұмылуға шақырамын.

Қазіргі қоғамда Шәкәрімді насихаттауда не істемек керек? Шәкәрімтануды әлі де түгесілмей жатқандары не? Осы іспеттес сан алуан сұрақтардың жауабына бағыт-бағдар беру, пікір алмасу мақсатымен бас қосып отырмыз.

Қадірлі қауым, «Арлы ақыл, ақ жүрек, адал еңбекті» серік еткен ақылы дария, парасаты кең, елман, азапты жеңе білген,



азаттықты аңсаған Шәкәрім бабамыздың шығармашылығын бүгінгі күннің биігінен қарап талдап, бағалау – әрбір зерттеушіге, өнер иесіне де тән ортақ міндет.

Құрметті қонақтар, қадірлі әріптестер! Абай елінде ұйымдастырылып отырған шараның ашылуымен шын

жүректен құттықтаймын! Рухани бастамаларға тың серпін береді деген ойдамын. Форум жұмысына сәттілік тілеймін! Кеңесіміз келелі, мәжілісіміз маңызды болсын!

Құрметпен, Басқарма
төрағасы – Ректор
Думан ОРЫНБЕКОВ

ШӘКӘРІМ ҚАЖЫ СУРЕТТЕРІНІҢ ТАРИХЫ

Қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде ерекше із қалдырған тұлғаның бірі – Шәкәрім Құдайбердіұлы. Ол Абай мектебінің дәстүрін жалғастырушы һәм ойшыл тарихшы, абыз ақын. Шәкәрім атамыздың бізге белгілі, көпшілікке таныс үш суреті бар. Осы фотосуреттер төңірегіндегі тарихи оқиғаларға қатысты айтар болсақ...

Қажының басында қара түсті тақия, көкірегін жапқан ақшулан сақалы келбетіне көрік беріп тұр. Қаусырмалы қара шапанның сол жақ өңіріндегі түймесі анық көрінеді. Өзірге бұл фотоның екі данасы сақталған. Бірінші данасы – Алматыда орналасқан жазушы Сәбит Мұқановтың мұражай-үйінің қорында сақталса, екіншісі – Шәукен Әбдіғалиұлы деген адамның арқасында жеткен.

Суреттің сыртқы бетінде «фотография К. Н. Могилевцева» деген таңба-эмблема тұр. Төменгі қапталында ірі әріптермен «Семипалатинскъ» деген сөз таңбаланып, оның астында кіші әріптермен «Уголь Областной и Казначейской улицъ. Против Волжско-Камского банка» деп жазылған. Яғни, сурет Семейде К.Могилевцев деген адамның шеберханасында түсірілген. Бұл фотолар бүгінге қалай жетті? Біріншісі сурет жазушы Сәбит Мұқановтың жеке қорында сақталған. Шәкәрім қажы 1931 жылы 3 ақпанда жазушы Мұқановқа «Елсіздегі Саят қорада жазылды» деген тақырып қойып хат жазғанын білеміз. Осы хатпен бірге суретінде қосып жіберуі мүмкін.



Шыңғыс таудың жатаған жота-қырқаларының алдыңғы планында Шәкәрім Құдайбердіұлы тұр. Қажы жалаңбас, бас киімін шешіп қолына ұстаған. Бұл фотоны Семей қалалық мұражай қызметкері Лаура Қадырова 2009 жылы кездейсоқ тауып алған. Фотосының астында орысша «т.№ 37. Хребет Чингиз. Верховья речек. На передным плане каз. Поэт и писатель Шакерім Қудайбердин» деп жазылған.

Фото Семей қалалық Қазіргі заман тарихы құжатнама орталығында сақталып келген. Бұл фотосурет Қазақ автономиялық социалистік кеңестік республикасы Жер халық комиссариаты Семей губерниялық жер басқармасының 1924-1925 жылдары арнайы ұйымдастырған экспедициясы атқарған жұмыстар жөніндегі қорытынды есептің қосымшасындағы суреттер ішінен шығыпты.

Аталыш экспедиция 1924 жылы құрылған және бастығы Н.П.Смысловский деген адам екен. Экспедицияның міндеті – бұрынғы Шыңғыстау уезіне қарасты Бақанас пен Байқошқар өзендерінің бойын және Шыңғыстаудың күнгей жағын суландыру жұмысын зерттеген көрінеді. Яғни, алда болатын жаппай ұжымдасу ісіне дайындық шараларын қарастырған секілді.

Экспедицияға ақыл-кеңес беретін, орыс тіліне жүйрік, жергілікті адам қажет. Әрине, ол адам Шәкәрім Құдайбердіұлы. Сол себепті де қажы экспедицияны ертіп жүріп, өлкені аралатқан. Жолбасышының ісіне ризашылық танытқан олар Шәкәрімнің жалғыз өзін Шыңғыстаудың керікті бұйра шатқалында фотоға түсірген. Сөйтіп қажының тағы бір бейнесі экспедиция құжаттарымен бірге архивте сақталып, бүгінге жетіп отыр.



Мұражай-үйде сақталған фотоның сыртында екі түрлі жазу бар. Біріншісі – «Любезному брату Тугрулу Ибрагимовичу на добрую память от Шаһкарима Худайбердина. 15 февраля 1912 г.» деп кирилл әрпімен жазылса, екіншісі – «Сүйікті бауырым Тұрағұл Ибраһим марқұм ұлына ұмытпас белгі үшін Шаһкарим Құдайбердіұлынан. 15 февраль, 1912 жылы» деп араб графикасымен жазылған.

Қолына бүркіт қондырған Шәкәрім Құдайбердіұлының бейнесі. Басында шошақ төбелі елтірі тымақ. Аппақ сақалы кеудесін жапқан. Жасы жетпістің бірі шамасында. Сурет қажының жазғы қонысы Қара бұлақта түсірілген. Суретті түсірген адам – Федор Артурович Фиельструп. Ол 1889 жылы туған. Суретшінің әкесі даниялық та, анасы ағылшын қызы. Петербор университетін бітірген. 1914-15 жылдары Америкаға барып үндіс тайпаларын зерттеген. Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 1925 жылдан бастап КСРО құрамындағы бұратана халықтардың этникалық одағын зерттеу жұмысына жегілген.

Фиельструп түсірген суреттің анықтамасында: «Казахи. Семипалатинский губ., семипалат у., уроч Кенбулак, Шаптактас. Шакарім кажи со своим беркутом. Фиельструп. 1927 г.» деп жазылған.



т.№ 37. Хребет Чингиз, Верховья речек. На переднем плане каз. поэт и писатель Шакерім Қудайбердин.

АБАЙ ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ: РУХАНИ ҮНДЕСТІК



Даналық пен парасаттың қасиеті дарыған, хәкім Абай мен кемеңгер Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылық мұрасы халқымыздың мерейін аспандатар, қазақ руханиятының үздік өнегесін көрсетер ұлттық құндылықтарымыздың бірі болып қала беретіні ақиқат.

Қос кемеңгердің арасында рухани сабақтастықтың болуы заңды құбылыс. Өйткені екі тұлға арасындағы әдеби, тарихи, мәдени әрі туыстық байланыстар осы құбылысқа басты себеп болғаны даусыз. Олардың өмір сүрген дәуірі, қоршаған ортасы мен айналасы арасында ұқсастықтар бар. Сонымен қатар, өзіндік айырмашылықтары да жоқ емес.

«Дүниеге қазақ перзенттері болып келіп, адамзат перзенттері болып аттанған» Абай мен Шәкәрім арасындағы сабақтастық, ұлылар үндестігі өміршең тақырыптардың бірі. Бұл тақырыпқа әртүрлі кезеңдерде көптеген зерттеушілер өзіндік тұжырымын ұсынып, қос кемеңгердің сабақтастық мәселесінде өз пікірлерін білдірген, айтып та, жазып та келеді.

Абай мен Шәкәрім арасындағы рухани сабақтастық тақырыбын зерттеу барысында қандай жақтарын қарастыру қажет деген заңды сұрақ туындайды. Абай мен Шәкәрімнің сөйлеу тіліндегі рухани тұтастық, ә) Абай («толық адам» ілімі) және Шәкәрімнің («Ар» ілімі) адамгершілік

мұраттарының үйлесімділігі, б) Абай мен Шәкәрім дүниетанымын танып білу мәселелерін зерделеу арқылы жоғарыдағы сауалдарымызға жауап таба аламыз.

Аталған үндестікті қос ой алыптарының рухани-эволюциялық тұрғыдан өсу, толысу, кемелдену тәрізді хронологиялық ретіменен зерделейік. Алдыңғы кезекте екі ақынның туындыларындағы идея, тақырып сияқты сабақтастығына шолу жасай отырып, мысал келтірейік. Одан кейін кемелденген тұлғалардың философиялық дүниетанымдарындағы үндестік желісін сөз етпекпіз.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Шәкәрімнің есімін, баға жетпес мұрасын, ұстазы Абайдан бөліп, қарастыру мүмкін емес. Абай қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға, ойшыл ақын екені, туындыларының дүние жүзі поэзиясының озық үлгілерімен қатар тұратыны баршамызға аян. Сан ғасырлық бай поэзиясы, ел қамын жоқтаған, шашасына шаң жуытпаған, өрен жүйрік жырау, жыршы, ақындарға бай қазақ әдебиетінде Абайдың құбылыс болуы заңдылық еді.

«Әсемпаз болма әрнеге...» деген туындысында:

...Пайданы көрсең бас ұрып,
Мақтанды іздеп, қайғы алма.

Мініңді ұрлап жасырып,

Майданға түспей бәйге алма... - дейді.

Мақтаншақтық, өзінің қара басы үшін қулық-сұмдық сақтап, әртүрлі амал-айлаға баратын адамның лепірме, мақтау сөзіне илана беруден сақтандырады. Хәкім Абай мақтаншақтық, мақтаныш сезімі мен мақтаншақтық қасиетті ажырата білу керек екенін ескертеді. Мақтау, мақтанудың жағымды жағымен қатар, жағымсыз жағы да бар екенін көрсетеді. Осы тұжырыммен сабақтас, үндестікті Шәкәрім шығармаларынан да аңғарамыз.

Ақынның «Мақтау мен сөгіс» атты шығармасында:

...Дос мақтайды сені жақсы көрмек үшін,
Дұшпан мақтар елірте бермек үшін.

Есептемей есірік елін мақтар,

Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін.

Бұл үш мақтау бере ме саған пайда,

Мақтаулыны білерлік адам қайда?

Өзіңнен ілгерілер сүйсінерлік,

Жол тап тағы, ақылды солай айла.

Кейде дос та жамандар жоқ нәрсе үшін,

Дұшпан сөгер сыртыңнан қайрап тісін.

Өнері жоқ өсекшіл ел жамандар

Өтірік пе, рас па көрмей ішін... - дейді.

Бұл мысалдан хәкім Абай мен оның

шәкірті Шәкәрім туындыларының идеялық-тақырыптық жағынан үндестікті аңғарамыз. Бұл тұжырымымызға қос кемеңгердің туындыларынан көптеп мысал келтіруге болады.

Шағын мақаламызда екі ойшылдың барлық туындыларынан мысал келтіруден аулақпыз. Өйткені шағын мақаламыздың көлемі оны көтермейді. Жоғарыда мысалға алынған туындыларды идеялық-тақырыптық сабақтастығының бір ғана көрінісі ретінде атап өттік. Ұстаз (Абай) бен шәкірт (Шәкәрім) өздерінің шығармашылығына қазақ қоғамы, оның тұрмыс-тіршілігі, олардың арасындағы қоғамдық қарым-қатынастары, адал еңбек, адамгершілік, имандылық сияқты алуан түрлі өмірлік мәні бар өзекті, «мәңгілік» тақырыптар, мәселелерді арқау еткен. Өздері өмір сүрген қоғамның қат-қабат сырларын туындыларының нысанасына айналдырған.

Қазақ дүниетанымына Абай «толық адам» ілімін, Шәкәрім «ар» ілімі тұжырымын енгізді. Аталған екі ілім де форма жағынан әртүрлі аталғанмен мағыналық жағынан бір-бірімен тығыз сабақтас, өзара үндес ой байламдар.

Қорыта келе, бүгінгідей түрлі мәдениеттер тоғысындағы жаһандану үрдісіне бағыт алған заманда ұлтымыздың рухани өресін биіктеткен тұлғалардың қалдырған мұрасын, олардың тағылымдық мәнін бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерделеу – заман тудырып отырған қажеттілік деп тұжырымдаймыз. Ұлт болашағы жастар десек, оның негізгі нәр алатын өзегі әдебиеті мен тілінде. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық руханияттың алатын орны ерекше, оны қалыптастырушы өкілдердің қатарында Абай мен Шәкәрім шығармаларының танымдық, тәрбиелік мәні мен мазмұны айрықша.

Хәкім Абайша пайымдағанда, «толық адам» дәрежесіне жетіп, кемеңгер Шәкәрімше айтқанда, «ар» ілімін ұстана отырып, ғұлама, ойшыл әл-Фараби бабамыз мақсат еткен «парасатты адам» қоғамын қалыптастыру. Аталған құндылықтар құбылысы бүгінгі тәуелсіз еліміздің кемелденуіне қызмет ететін рухани игіліктер деп білеміз.

Раушан САБЫРБАЕВА,
Қазақ филологиясы және
журналистика кафедрасының
аға оқытушысы, ф.ғ.к.

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПОЭТИКАЛЫҚ ОККАЗИОНАЛИЗМДЕР

«Сөз бен ой» - Шәкәрім үшін әдеби шығармашылықтың басты мәселесі. "Сезім мен жүрек қиялының поэзиясын" ой поэзиясымен тұтас жымдастыра қолданудың жаңа көркемдік құралдары мен жаңа тілдік мүмкіндіктерін ашып, Абайдан кейін Шәкәрім «қазақ сөзі мен ойының» қазыналарын ұлттандыру жолына түсіп, стильді жеке тұлғаның еркін, даралық-сипатты көрінісі және шындықтың терең шығармашылық ұлттық-типтік көрінісі ретінде алға тартты.

Поэзия тілінде соны сөз – образдарының орын алуы – Абай жандандырып, Шәкәрімде жалғастығын тапқан тәсілдерінің бірі болып саналады. Енді Шәкәрім шығармаларындағы окказионалдардың қолданысына талдау жасайық.

Окказионал сөздер (лат. occasionalis – кездейсоқ) – автордың белгілі бір жағдайға байланысты сөз тудыру қажеттілігі арқылы өмірге келген жеке авторлық сөздері мен тіркестері. Алғаш рет "окказионал" термині Н.И. Фельдманның «Окказионал сөздер және лексикография» атты мақаласында кездеседі, онда ол окказионалды сөздерді белгілі бір сөз жағдайында өнімділігі төмен немесе өнімсіз сөзжасам моделі негізінде құрылған сөз ретінде анықтайды [1, 64 б.].

Шәкәрім шығармалары окказионализмдерге өте бай.

Көркем шығармада ойды дәл, нақты, әрі қысқа беру қажеттілігінен ақын окказионализмге жүгінеді. Мысалы:

*Жаралы жаным шықсын деп,
Қара жер мені жұтсын деп,
Өлген соң елім деп,
Атымды қойдым – «Мұтылған»,* -


деген үзіндіде автор өз ойын дәл әрі қысқа беруге ұмтылған. «Мұту», «мұтылған» сияқты ауызекі сөйлеудің жергілікті ерекшелігін қолданған.

Шәкәрімнің төмендегі өлең жолына назар аударайық:

*Сүйсініп ақынға елі мән бергендей,
Өлеңмен өміріне сән бергендей,
Қадалып жүрегіне ақ қанжардай,
Оятсын ойкүйезді жан бергендей,* -

өлең жолдарындағы индивидуалды қолданыстағы «ойкүйезді» сөзі тілдегі «бойкүйезді» сөзі негізінде авторлық сөзжасам тәсілі арқылы жасалған окказионал сөз.

Шәкәрім тілінде жұмсалған перифраздар сонылығы жағынан да, саны жағынан да бұрынғылардан өзгеше, жалпыхалықтық тілде қалыптасқандары да, өзі жасаған авторлық түрлері де бар. Мысалы, Шәкәрім өмір, тіршілік дегенді тұрақсыз дүние (тұрақсыз шыр айналған дүние, «дүниені сұм, алдамшы» деп жазады, жалған дүние (қайғы көрсем: «дүниенің жалғандығы, –



дедім – алдап, мінекі алғандығы», сұм дүние («мен де соққы жедім – деп – сұм дүниеден»); өмірді «тұрағы жоқ, алдамшы, сұм өмір, ия, көлеңке, яки түс өмір, у өмір», дүние – алдамшы, өмір – қу өмір деп суреттесе, бұларды ақын өзіне дейінгі әдеби дәстүрден алған.

Суреткер туындыларында бір мағынаны немесе бір ұғымды айтылуы басқа-басқа болып келетін бірнеше сөзбен беру мүмкіндігінің молдығымен ерекшеленеді. Мысалы: Түпсіз, терең ғылым; есер, есірік, ынжықтық; оғаш, кек сақтағыш, кекекшіл; оғат, оқыра, сызаты жоқ сияқты плеоназм негізінде құралған синонимдік қатарлары арқылы айтайын деген ойын біртіндеп жоғарылатып, түйдектетіп жеткізеді.

Шәкәрім көбінесе халық тіліндегі фразеологизмнің мағынасына жалғастыра өз ой түйдегін тұжырымдап тізіп, мақал мен мәтел тәріздем қанатты сөз тізбегін де жасайды. Мысалы: сабырдың түбі - сары алтын; жылы-жылы сөз айтса, жылан ішінен шығады; қатты сөзбен бет қайтса, надан дінінен шығады; есті адам тілін тия алады, бірақ ешкім ойын тия алмайды; зор дұшпаннан қандай сақтансаң, ұсақ жаудан сондай сақтан; бас көзі жұмылады, көңіл мен жұмылмайды; бәріне қанағат қыл да, адал еңбек қыл; алла сүйсең, адамды сүй дегендей; жығылған жан күреске тоймас деген; өтіріктен тілін тия алмаған адам, арамдықтан ындынын тия алмас; сақтықта қорлық жүрмес" деген бар ғой, сақтанбасаң артқыға сөз боларсың", – деген қолданыстар ақынның айтпақ идеясын дәл, әрі әсерлі

етіп беру үдесінен шыққан.

Авторда затты немесе құбылысты, оқиғаны әсірелей суреттейтін қос тағанды фразеологизмдер де көптеп кездеседі. Мысалы: қасықтай қар, тобықтай тоң, сүйер кісім, сүйенер жақыным, ар кетіріп, ант ішіп, сансыз бақыт, алтын тақыт, көз тойып, көңіл толмақ, ойдан орып, қырдан қырды, есің барда елін тап, сырты мұз, іші жалын, бір ұрты май, бір ұрты қан, мінсіз бақ, сансыз дәулет.

Көркем тіл кестесіндегі ерекшеліктің бірі – авторлық перифраздарды қолдануы. Мысалы «саналылық» ұғымын Абай «жүректің көзі» десе, Шәкәрім «көңілдің көзі» деп астарлап айтады. Сол сияқты балалық, тазалықты – жүректің ақ нұры сену, ақылды – өлшеусіз жарық нұр, өкінішті – жүрегін өрт шалу, қуанышты – көңіліне гүлдің нұры орнау, ойқұмарлықты – ақылдың шолғыншысы, туу, өлуді – тағдырдың шын қазасы деп суреттеуін біз қазақ көркем тіліндегі перифраздардың классикалық үлгісі дейміз.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлының ұлттық поэзия тарихындағы алатын орны ерекше. Оны ақынның сөз қолданудағы көркемдік шеберлігіне қарап байқауға болады. Ақын поэтикалық образ жасауда тілдік құралдарды көркемдік стильдік мақсатқа сай жұмылдырып, эстетикалық бүтінге айналдыра білген.

Эльмира САМЕКБАЕВА,
филология ғылымдарының
кандидаты, доцент

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ТУРАЛЫ ТҮРКИЯДА ШЫҚҚАН ЕҢБЕКТЕР ЖӘНЕ ШӘКӘРІМ ЖАЙЫНДА КЕЙБІР ОЙ-ПІКІРЛЕР



Шәкәрім Құдайбердіұлы Қазақ халқы үшін емес барлық Түркі жұрты үшін де өте маңызды бір жеке тұлға, ірі бір тарихи тұлға. Оның жалпы түркі әдебиеті ішіндегі орны өте бөлек. Шәкәрім өмірі бойынша ақын, ойшыл, композитор және аудармашы ретінде еңбек еткен. Ол барлық өмірін еліміз, жұртымыз деп жұмсаған бір мінездің иесі. Оны Абайдың ең жақын ізбасары десек те болады.

Шәкәрім қазақ әдебиеті және мәдениетін дүниежүзі халықтарына танытуды ойлады. Шығыстың классикалық поэзиясы мен жақсы таныс болды. Батыстың танымал философы Шопенгауэрдың пессимистік пікірлерін, әсіресе дүние туралы кейбір сөздерін сынады, Шәкәрім былай дейді: «Шопенгауэрдың «Дүние тозақ, дүниеде дұрыс өмір сүруге болмайды деген» ой-пікірі дұрыс емес. Дүние тозақ емес пейіш. Пейішті тозақ жасаған адам баласының зорлығы, өзіншілдік күш қарауы, қасқырлығы. Егер адам бір-біріне зорлық-зомбылық, қиянат жасамай барлық адам бір бауырдай болып өнер білімімен, таза еңбекпен табиғаттың байлығынан пайдаланып алса Дүниепейіш болар еді, оған сөз жоқ», – дейді.

Енді Түркияда Шәкәрім Құдайбердіұлы жайында шыққан еңбектер туралы да айтатын болсақ:

2005 жылы «Modern Turkluk Araştırmaları – яғни Қазіргі түркілік зерттеулер» атты ғылыми журналда, Фәриде Бақтыбайқызы Сахипованың «Kazak Aydını Şekerim Kudaiberdiuli: Hayatı ve Eserleri (1858-1931) / «Қазақ зиялысы Шәкәрім Құдайбердіұлы: өмірі және шығармалары» тақырыбында мақаласы шықты.

Бұл мақаланың кіріспесінде қазақ халқының тарихы туралы мәлімдемелер беріледі. Ұзақ жылдар бойы тәуелсіздік және бостандық әрекеттері менен сол әрекеттердің көшбасшыларының зерттелуіне тыйым салынғаны, сол тақырыптағы зерттеулерге тек қана тәуелсіздік алғаннан кейін басталғаны және «Ақтаңдақтар кезеңі» деп те айтылған

1930 жылдардағы зорлықтарға қарсы болған ұлт зиялыларының айыпталуы туралы сөздер осы мақалада айтылады. Ал басқа бөлімдерде Шәкәрімнің өмірі және шығармалары туралы мәлімдемелер сөз болады.

Сол мақалада Шәкәрімнің шығармаларынан «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі», «Үш анық» және «Мұсылмандық шарты» кітаптары менен түрлі өлеңдері және аудармалары туралы да мәліметтер беріледі.

2010 жылы «Turkish Studies» атындағы журналда, Дамира Ібрагимнің «Klasik Kazak Şairi Şakarim (Şahkerim) Kudaiberdiuli'nin Hayatı ve Aşk Konulu Şiirleri – яғни «классик қазақ ақыны Шәкәрім (Шаһкерім) Құдайбердіұлының өмір және махаббат тақырыбындағы өлеңдері» атындағы мақаласы шықты.

Мақала Шәкәрімнің өмірі туралы мағлұматтарменен басталады. Өмірінен кейін Шәкәрімнің махаббат тақырыбындағы өлеңдері және махаббаттың түрлері туралы сөздер айтылады.

Дамира Шәкәрімнің өлеңдеріндегі махаббатты, «Адами» және «Құдайы» деп екі бөлімде қолға алады. Адами махаббат туралы «Шын сырым» өлеңін көрсетеді. Ал Құдайы махаббат туралы өлеңдері жалпылама Шәкәрімнің қырық жасынан кейін жазған өлеңдерінде кездеседі.


Бұлар; «Қырықтан соңғы сөзімді, Сынап тағы өзімді», «Қырықтан аса бергенде, Ақылым қалды шерменде», «Жас қырыққа келген соң, Бір ой түсті жаңадан», «Таза ой ойлай алмас үйде басым», «Алтындай қызыл арақтың», «Анық асық әулие», «Жетпіс жасымда жазғаным», «Жас алпыстан асқан соң», «Атадан қалған ақ сауыт», «Арақ ақыл, мастық ой», «Ей, жарымыз, ай нұры», «Шын құмар шымырлатпай қоймас сірә» сияқты өлеңдер туралы да сөздер айтады.

Мақалада бұдан басқа Шәкәрімнің 1891 жылы жазылған «Еңлік-Кебек», 1929 жылы жазылған «Нартайлақ-Айсұлу» және «Қалқаман-Мамыр» атты жыр-дастандар туралы да мағлұматтар беріледі. Бұлардан басқа мақалада Шәкәрімнің Пушкиннен аударған «Дубровский әңгімесі» және шығыс классиктерінен «Ләйлі-Мәжнүн» жыр дастандары туралы да мағлұматтар беріледі.

Дамира Ібрагимнің мақаласында Шәкәрім ой, пікір және махаббат ақыны ретінде көрсетіледі. Шәкәрімнің өлеңдеріндегі адами махаббат, Құдайы махаббатқа созылған бір алтын көпір ретінде көрсетіледі.

Дамира Ібрагимнің тағы да басқа бір мақаласы «Kazak Şair Şahkerim (Şakarim) Kudaiberdiuli'nin Şiirlerinde Sevgili / яғни, «Қазақ ақыны Шаһ-Кәрім (Шәкәрім) Құдайбердіұлының өлеңдеріндегі сүйікті тақырыбы» 2013 жылы жарияланды.

«Turk Dunyası Çağdaş Edebiyatları El Kitabı – яғни, «Қазіргі түркі дүниесі әдебиеттері мазмұнды кітабы» атындағы еңбекте «XX ғасыр қазақ әдебиеті»




бөліміндегі Шәкәрім Құдайбердіұлы бабы Нергіс Бирай тарапынан жазылған.

Түркияда шыққан «Қазақ әдебиеті» атындағы екі томдық кітаптың бірінші томындағы «XX ғасырдың алғашқы кезеңі» бөліміндегі Шәкәрім Құдайбердіұлы бабы да Кенан Қоч, Алмагүл Ішіна және Болат Қорғанбеков тарапынан жазылған.

Түркияда Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы осы күнге дейін шыққан ең ауқымды кітап Ерлан Сыдықовтың «Şakarim» кітабы болды. Осы кітапты Түркияда шыққан басқа еңбектер мен салыстыруға болмайды. Е.Сыдықовтың кітабы Түркияда 2014-нші жылы жарияланған. Сол кітап қазақ тілінен түрік тіліне бір аударма ретінде шықты. Сондықтан мен сол кітап туралы көп әңгіме айтпаймын, өйткені сіздер сол кітапты менен де жақсы білесіздер. Бірақ бөлімдерінің тақырыптары туралы айтатын болсам, кітап 6 бөлімнен құралған. Бірінші бөлім: Şingstav; Kaynaklar ve Doruklar; екінші бөлім: Uc Durum Yasası ve Manevi Gezinti; үшінші бөлім: Sezgiler ve Onseziler; төртінші бөлім: Gidiş ve İnziva Hayat; бесінші бөлім: Vicdan Bilimi және алтыншы бөлім: Unutulmuşluğun Işığı. Секілді аталған. Кітапта сол алты бөлімнен басқа «Соңғы сөз, түйіндеме, Шәкәрімнің өмірі және өнеріндегі маңызды тарихи мағлұматтар» бөлімшелері де бар.

Шәкәрім сияқты кемеңгер данышпандар және олардың шығармаларының құнын Түркияда болсын, тағы да басқа Түркі жұрттары да болсын білу керек. Құнын білу деген сөз, сол салада терең жұмыстар атқарып, Шәкәрімнен қалған мұраларды кейінгі ұрпақтарға аман-есен қалдыру және түсіндіру деген сөз.

Хүсейін МҰТЛҰ
Түркия Республикасы,
Афшон қаласы,
Қожатепе университетінің
профессоры



Быыл Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл. 1858 жылы 24 шілдеде туған. Әкесі Құдайберді ерте дүниеден өтіп, сегіз жасында әкесіз қалған Шәкәрім әуелде атасы Құнанбайдың тәрбиесінде болады. Шәжіресінде Құнанбайға арнайы тоқталған ақын бұл жайында былай дейді: **«Мен пақыр өз өкем өлген соң ұлы атамыз қажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғандықтан және қажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан махрұм қалып, жетімдікті сылтау қылып, ойыма не келсе, соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім. Әйтсе де түркі танып, орысша хат танып қалдым».** Әрине, Шәкәрімнің «әдепсіз, ғылымсыз өстім» деуін данышпанның ой биігінен қарағанымыз абзал. Ақынның өз-өзіне аса биік талап қоя, өзін ащы сынның құрсауына сала сөйлеуі бүкіл шығармашылығында көрініп отырады. «Бойдағы мінді санасам, тау тасынан аз емес, жүрегімді байқасам, инедейін таза емес», - деген ұстазы Абайдың міншілдік кредосын ғұмырына бойтұмар еткендей...

Шәкәрімнің өз атасы – Құнанбай, арғы атасы – Өскенбай би болса, түп нағашысы – қазаққа белгілі Ағанас би. Шешесі – аса адал, оқыған Алдабергеннің қызы Төлебике (ел ішінде қолының жомарттығына қарай, дәмепіп келген жарлы-жақпайды бос қайтармаған соң Дәмепіп атаған) ақынның ұлы Ахат ақсақалдың жазуына бірнеше тіл білген сауатты, он саусағынан өнер тамған шебер, өлеңге де ебі бар ақын адам болған деседі. «Құдайберді балаларының ішінде жасынан басқа балаларынан гөрі қылығы өзгеше, зейінді, сезімі сергек, зерегі Шәкәрім болды» (Ахат естелігінен). Құнанбай бір сөзінде: **«Адал бол, Шәкәрім. Сенің екі нағашың да адал болған. «Ер тағайына тартады» деген мәтел шын. Мен олардың адамгершілігіне, адалдығына ырза болып, құда болсам. Сенің адал болар жөнің бар»**, - дейтін (Ахат естелігінен). Анығында Шәкәрім бес жасынан Өтебай деген молдадан хат танып, өз шешесінен араб, парсы тілін меңгеріп, Әмір ағасынан домбыраны үйренеді. Абаймен араласатын орыс достарынан орысшаға қанады...

Құдайбердінің өлімі Абайға қатты батқан. **«Қазақ үйден әйел-еректердің шу етіп жылаған дауыстары шықты. Өкем өлді. Біз тысқа шықтық. Абай мені құшақтап, көп жылады...»**, - дейді Шәкәрім. Өкпе ауруы Құнанбай ұрпақтарына қасірет боп жабысты. Құдайберді ғана емес, Абай балалары Әбдірахман мен Мағауия да осы дерттен көз жұмды. Шәкәрім де жас кезінде осы аурумен ауырып, Абай Курбатов деген дәрігерге қаратып, айыққан екен. Әкеден ерте қалған Шәкәрімді Абай қойнына алып жатып жастайынан тәрбиелеп, кемелдікке жетуіне

ШӘКӘРІМ ЖӘНЕ

үлкен қарекет етті. **«Мені Абай тәрбиеледі. Абай болмағанда мұндай болуым неғайбыл еді»**, - дейтіні сондықтан ақынның.

Демек, Абай – Шәкәрімнің ағасы, - десек – ол екі ақын арасын ашатын анықтамалыққа аздық етеді. Ш.Құдайбердіұлы Абайдың арқасында қазақтың сахарасына білім мен ғылымның шырағын жағып кеткен асылдардың біріне айналды. Ғұмырбаянын сүзген адам Шәкәрім ақынның ғылымның бар саласына қызығушылық танытып, зердесіне қондырғандығын байқайды. Ахат естелігіне бақсақ Шәкәрім жаратылыстану ғылымына терең бойлап, зерделеген. Тас пен топырақтың қасиетін зерттеп, күндегі қолданысына жаратқандығын айта келіп: «Ал, айуан, өсімдіктерді зерттеу, байқауында қызықты болжамдары бар. Оларды келешекке қалдырдым», - деген Ахат ақсақалдың айтары өкінішке орай бізге жетпеді...

Ақын, ойшыл, тарихшы, теолог, философ, әнші-композитор сияқты қасиеттерді Алла бір басына тоғыстырған толағай тұлға Абай салған сара жолдан таймай, туған халқының болашағы жолында барлық күш-жігер, ақыл-парасатын сарқыды. Атаның қаны, ананың сүтімен келген Шәкәрім бойындағы шыншылдық пен сыншылдық қасиетті Абай қамшылай отырып ширатты. Ұстазының рухани азығын мейлінше бойына сіңірген Шәкәрім Құдайбердіұлы – Абай аңсаған **ТОЛЫҚ АДАМ** деңгейіне жеткен жан. Сол себепті де Шәкәрім маңындағы елге ғана емес, тұтас ұлтқа қарата сөз айта алды. Қараңғылықтың қапасында жатқан халқын Абайша сынады, сөзбен қамшы басты оларға. Ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен ел қорғайтын заман емес, ендігі жау сыртта емес, іште еді. Іште болғанда өз ішіміздегі надандық, жалқаулық, алауыздық, жағымпаздық, өсек пен өтірік, мақтан мен ысырапшылдық сияқты мың сан кесірмен Абай жалғыз алысса, **«ғаскерім – өлеңім мен сөздерім»** деген Шәкәрім де осылардың артынан шам алып түсті. **«Айналам – дау, жанжал, өтірік, ұрлық, қанау, талау, надандық, жуандық, зорлық, мақтан, мансапқұмарлық, партия, озбырлық, қорқаулық, жалқаулық, ұрыс-төбелес, міне менің өмірім. Мен осылармен жағаласып, арпалысып өмірімді өткіздім»**, - деген еді қажы. (Ахат естелігінен).

Арпалысудағы, елді сынаудағы мақсат не? Қарақан басын ойласа байлықты да, билікті де көрді. Өзі аса пейіл бермесе де ел ішіндегі қиян-кескі партия тартысын тию мақсатында Абайдың қолқалауымен екі-үш рет амалсыздан болыс болды. Өз сөзінде: **«...Абай маған «өкімшілік қолында болған адам елді жемей, қиянат қылмай, партия, дау-жанжалға кіріспей отыра алмайды. Кіріскен адам ардан айрылады. Білім куудан қалады»**, - деп құлағыма құя беретін. **Сондықтан болыстыққа құмар болмадым»**, - дейтін бар. (Ахат естелігінен) **«Жас өмірдің арасы... бос өткенін қарашы»**, - деп кейіннен онынады осы жылдарына. Ақ пен қызыл таққа таласып, арасында Алаш азаматтары қазақты ел етемін деп жанталасқан кезеңде Алаштың төбе биі болып билік айтатыны бар. Бірақ ел өлі алауыздық пен надандықтың шырмауында жатқанын сезіп, бұл қызметтен де бойын аулақ салды. 1929 жылдары Алматының тарих институты ғалым ретінде аттай қалап шақырғанда да, Саят қорасын сая көріп қағаз бетіне түсер болашақ қазынасымен оңаша қалды. **«Арымды сатып бақ алып, мансап тапқанымша, көптің адалын жақтайын,**

көпке жағайын, көргенімді, білгенімді бар адам баласы үшін жазайын, наданның көзін ашайын», - деген ақынның азаматтық ұстанымы бүгінгі өзін зиялыға санайтындарға сабақ.

Өз-өзіне көңілі толмау – данышпандықтың белгісі. Қазақты сынаса Абай, одан қалды Шәкәрім сынасын. Бүгінгі ұрпақ содан сабақ алуы тиіс. Сынды өзінен бастайды Шәкәрім:

Айна қойдым алдыма,
Көрейін деп өзімді.
Екі құлақ тарс бітіп

Шел басыпты көзімді, - деп басталатын өлеңінде өзіне қамшы басады, жанын жеп опынады. Болыстық қылған жылдарын:

Қарасам мақтау айнадан –
Өлемнен озған мен бір жан:
Ел құтқарған топаннан

Тобықтының Нұхымын, - деп бейнелейтіні бар. Ащы сарказм. Отызында бір айдай тілі байланып, сөйлей алмай қалған ақын жеті жасынан жазған-сызғандарын өртеп жіберген екен. Қай шығармасының асығыс жазылып, қайсысының осал тартып жатқанын тайға таңба басқандай етіп айтып отырыпты. Ешқандай арнайы оқу оқымаған, тек Абайдың алдын көріп, одан соң Абай нұсқауымен түрлі оқығандармен пікірлесіп жүріп білім жинап, бастысы өз талабы мен ерік-жігерінің арқасында Шәкәрім сол замандағы ең білімді адамдардың қатарына шыққан екен. «Сол кезде шығыс әдебиеттеріне Шәкәрімдей жүйрік адам көргем жоқ. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым – Шәкәрім», - дейді М.Әуезов бір сөзінде.

Өмір бойы ізденумен, білімін шыңдаумен өткен Шәкәрімнің бір қайғысы – оның қарекетінің дұрыс-бұрыстығын айтып тең сөйлесер замандағының, асыл сөзіне баға берер көзі ашық адамының болмауы. **«Ұқтырарлық пенде жоқ, жалған басқан жерімді»**, - деп ақын заманынан озық туған ойшыл Абай кеткен соң жалғызсырап, шын сорлап қалады. Жанынан сырлас таппаған ол алыстағы Толстойға хат жазып, ақыл-кеңесін алып отырады. **«Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың»**, - деп жазушыны шын ұстаз тұтады.

Кешегі Шәкәрім сыны – бүгінгіге сабақ. Өйткені ақынның әр сөзі өміршең:

Тағы да талай сөз жаздым,
Елім тәлім алсын деп.

Қазақтың мінін көп қаздым,

«Адам емес, аңсың» деп, - деген Шәкәрімнің сөздерінен бүгінгі ұрпақ қаншалықты тәлім алудамыз? Жай адам тұрмақ қазақтың зиялысымын дегендер ақынның шығармаларын атап бере алар ма екен? Алған тәлім сол, үлкен-кішіміз жарыса ақынның туған күнінде суфлерға қарап, өлеңін ойсыз көзбен ежіктей тапқақтап, тик-тоққа шығудан әрі аспай жүрміз...

«Бұл өлде басты жұмыс – ел қыдырмақ, бай ауылға түстеніп пайда қылмақ», елдің сиқы бүгін де аса түзеліп кетті деп айта алмаспыз. Осы күнге дейін халықаралық деңгейде өткізіліп жатқан түрлі форумдар мен симпозиумдар, конференция мен басқосулар қазақты ендігісі технократ жасау керек еді. Әлде өзіміздің иісалмастығымыздан болар, басқасын айтпағанда ішер ас пен киер киімді көршіден тасуды тоқтата алмадық. **«Қазақ та қажытты, күнім жоқ жиынсыз»**, - деген Шәкәрім атамыздың заманындағы күлтөбенің басындағы күнде жыын бүгінде асқынып кетпесе, бөсеңсіген жоқ. Ел басқаратын әкім-қаралардың дені ала таңнан қара кешке дейін жиналыста. «Жапондардың құпиясы, олар

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ

жұмыс туралы есеп бермейді, жұмыс жасайды» (Питер Друкер). Ал, бізде бәрі керісінше. Бүкіл Қазақстан бір-біріне есеп беріп жатқандай көрнеді, маған.

Салынған қала жоқ,
Оқытқан бала жоқ,
Қолында өнер жоқ

Ғылымда дана жоқ,- деген Шәкәрімнің сөзіне бір ғасыр болыпты. Не өзгерді? Орысқа бодан боп кіргенде бізде бір де бір қаламыз қалмаған, Тараздың қаңқасынан басқа. Қазіргі қалалардың дені – орыстың салған бекіністері. Сол себепті де қалаларымызға неше жыл болғанын біле алмай дағдарып жүргеніміз. Мың жыл, мың жарым жыл дегеннің бәрі болжам, нақты құжат жоқ. Ақмоланы әшекейлеп, бар күш-қуатымызды салып, Астана еттік, үш рет атын ауыстырдық. Болды, сонымен тәмам. Ал, өңірлер ше? Әкімшілігі сол кеңес заманында салынған моно қалалар тәуелсіздік алғалы отыз жылда ойраны шықты. Ауылдар туралы айтуға ауыз бармайды. Басы бар аяғы жоқ шикі реформалардың кесірінен көп ауылмен бірге менің ауылым да еш апатсыз, соғыссыз тарих бетінен жойылды... Оқытқан бала ше? Әрине, Шәкәрім заманынан бері қазақтың көзі ашылды. Қай жерде, қай елде білім алам десе де қазақ баласына жағдай жасалуда. Бірақ үздіктер оқу іздеп шет ел асқанымен, қайта оралып жатқаны қанша? Ғалымдардың деңгейі негізінен шетелдік скопус журналына шыққан мақаламен өлшенер болған соң, қазақ ғылымында жаңалық ашу кібіртіктеп тұр, қаржы да мардымсыз. Бөлінген қаржыны жарата алмаудамыз, өйткені отыз жылдық ғылыми тоқырауда ақын іздеп отырған дана ғалымдар да шетке, не басқа салаға ауысып кеткен.

Бүгінгі қоғамның бір дерті атаққұмарлық болса, «...менің ойымша, атақ алу үшін қылған іс, айтылған сөзде нағыз тазалық болмайды. Не тіршілікте, не артқыларға ат қалдыру дегенді тіпті миыма қондыра алмаймын. Себебі сіз мақтау, жоқтау керек қылмасаңыз да, қылған іс, айтылған сөзіңіз жаратылыс ағымының талқысына салынбақшы. Ол сіздің ісіңіздің бағасын, салмағын ашпай қоймайды. Сондықтан не іс қылсаңыз да, атақ үшін қылмай, көпке пайда қылу, я көпті зияннан құтқару үшін істеу жөн»,- деген қажы сөзі бүгінгі түрлі сыйлықтар мен марапаттарға арын сатып сайқымазаққа айналғандарға, кеудеге тағар темір үшін жоғары жаққа телміретіндерге тоқтау бола алар ма екен? Әй, қайдам? Олар өздерін осының ішінде емеспіз деп ойлайды. Олардың ары құрсауланып, көздерін шел басқалы қашан. Өйткені «ақыл жоқ бұл қазақта ойға ұнарлық, өзін-өзі тексеріп, бой сынарлық». Орден мен медальға талас сонау бодандық бұғаудың бір тетігі-тін. «Енді бір көксерлік ісіміз – тастаған сүйекке таласқан Мойнақша орыстың знагіне таласып, ата-бабаларымыздың елдік, жұрттық сақтап келген бірлік-берекесін жұрттып алғанмыз», - дейді ақын. Салпыншаққа құмарланғанмыз сонша, алаш көсемдерінің атына жасалған түрлі жылтырақ-медальдар сатылып, жұрт таласа алып, даңғойлықтың шегіне жеттік.

Көретін көзі жоқ,
Ұғатын сөзі жоқ.
Қазақтың бұл күнде
Аты бар, өзі жоқ.
Түзелер кезі жоқ
Түзетер тезі жоқ
Жер жүзі халықтың
Қазақтан езі жоқ.

Төбеңнен қос қолдап ұрардай ауыр сөздер. ХХІ ғасырға жеттік дегенімізбен ақын сөзінің астарына үңілсек, осы күйден қаншалықты алыстап кеттік. Біз сол Абайдың, Шәкәрімнің заманынан бері қарай нені жоғалттық, неден айырылды? Тіл жұтап, дін құбыжықтанып, діл ұлттық реңінен айырылып, салт-дәстүріміздің дауысы алпауыт елдердің айғайының астында тұншығып жатқандай боп сезіледі. Тіл дегеннен шығады, Шәкәрім заманында туған тіл тақырыбы бүгінгідей өзекті болмағанымен сол кездің өзінде «Қазақ балаларының оқу орыс тілінде қойылған мектептерге қашуы нәліктен?»,- деген мақала жазып, қазақша оқулық тапшы деген желеумен жоғары сатыда (класта) орысша оқуға мәжбүр қазақ балаларының хәлін баян етеді. «Түбінде екі сатылы мектептің екеуінің де ана тілінде болатынына сөз жоқ»,- деген ақын болжамы бүгінде қандай күйде? Балабақша мен мектептердің барлығы тек қазақ тілінде ғана болуы қажет. Енді күлбілтелер берсек, өзі қан-сөзсіз қалған қазақтың тілінен біржола айырыламыз. Латын қарпіне көшудің де созылып кетуі осы – айыр тілдің салдары...

Сол кездегі қазақ қоғамының дертін көрген Шәкәрім де Абайдай аласұрды, алысты, қажыды. «Мұндай елде туғанша, бұл сағымды қуғанша, еркін тілді бұғанша, жеткізе нетті қазамды»,- деп бұл тірліктен түңілген кезі де болды. Соңында елден жыраққа кетті. Бірақ, елді ел қылам деуден танбады. «Надандықтан қираған сүйегін» сүйретіп саят қорасынан сая тапты.

Мен жетелеп өлемін,
Өрге қарай қазақты.

Өтсем де ойын бөлемін,
Сөзбен салып азапты.... Бұл – ақын миссиясы. Әуелден, «кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық»,- деп Абай салған жолменен жастарды білім мен ғылымға шақырған Шәкәрім ақтық демі үзілгенше сол қайратынан қайтпады.

Адам үшін еңбегім,
Елу бес жыл тергенім.
Қалағанын қарап ал,
Мұрам сол, жастар, бергенім,- деп қалдырған ақынның әр сөзінен қазақ сабақ алып, әсіресе жүрегі кірлемеген жастар жағы рухани азық еткенде ғана елдің болашағы жарқын болмақ.

Партия қуған өңкей қырт
Жазылмайтын ол қылқұрт.
Мен тартам ел қайғысын,
Әкімі – залым, биі – әңгүрт
Бай, жуан, әкім, сопылар,
Жемтік көрсе шоқылар.
Бірі алдап, бірі арбап
Талайтын елді осылар.

Ел зарлатқан құлардың
Алдынан зауал тосылар,- деп күйінген ақынның сөзінен бүгінгі қоғамның да сиқын көреміз. ХХІ ғасырдағы асқынған дертіміздің бірі – жемқорлық, парақорлық болса, осы жолдардың кейіпкерлері соны жасап жатқан. Демек, ғасыр бұрынғы дерт дөңдеп кетпесе, сылынбапты. «Бар жұмыс – алдау мен ұрлық, пара». Екі күннің бірінде парамен ұсталып жатқан шенділер, жыл өтпей орын ауыстырып жүрген бастықтар. Осыдан барып «жақсылардың біріне біреуі қас» қоғамда уәде мен сөзде пәтуа қалмай, билік атаулының ішін тұрақсыздық, келер күнге деген сенімсіздік кеулеп бара жатқандай...

Қорқамын деп адамнан Құдай жасап,
Ойында жоқ жаратқан бір құдайы,- дегендей

құдайдан емес, адамнан қорқатын заманда өмір сүріп жатырмыз. Бір күндік тақ, мансап үшін бастығының алдында жағына жалпылдаған ептілердің қарасы Шәкәрімнің заманынан есте азаймаған сыңайлы. Тұңғыш президентке отыз жыл бойы ода айтқан жағымпаздар жүріп келе жатып төпішкелерін ауыстыра қойды да, кемел адам кемеңгерім деген әуенге салып, жырлай жөнелді. Бірақ, тумысынан текті президент жағымпаздар жарапазанын жақтыра қоймады... Бодандықтың бізге жұқтырған ең кеселді індеті ол – осы жағымпаздық. Қазақ жағымпаздардың көзін жоймай, ел болудан қалады...

Зұлымдық қылып елді жеп,
Ойладың әбден байырды.

Атану үшін мырза деп

Кәріпке бердің қайырды. Отыз жыл бойы елдің байлығын сорып, қайыршыға ұстатқандай қып тиын-тебен үлестіретін жақшаның ішіндегі «атымтай жомарттар» арамызда жүр. Шәкәрім заманындағы «Құдайға пара беріп, Тәңіріні малмен алдағандар» бүгінде мешіт салып жарысуда. Ал қажы айтатын «шала дін мен қате пәннің соңына өргендер» қоғамның шырамын бұзуда. «Шыннан өзге Құдай жоқ, Анық Құдай – шын Құдай»,- деген ойышыл сөзінің астарын ұқпай жүрміз. «Рахым, ұят, ар, ынсап – төртеуі болса, дін болар». Міне – діннің қарапайым анықтамасы. Шәкәрім ежіктеген таза дін мен шатақ дінді ажыратудың орнына сақал мен хиджаптың дауын өршелене үрлеген қазақ қоғамы қорқынышты болып бара жатқандай.

Бүгінгінің тағы бір кеселі – шектен шыққан ысырапшылдық. Мал шашып, борышқа (кредитке) кіріп, тірнектеп жиғаныңды елді сорған банктерге беріп, соларды семірту. Ақынның «Қайгер едік жігіттер, тым қымбатты кимесек, мақтан үшін борышты үсті-үстіне үймесек»,- деп басталатын «Шаруа мен Ысырап» атты ұзақ өлеңі байдың малын шашып, кедейдің артын ашып жатқан тыраш пен ысырапшылдың бейнесін беруде.

Демек, тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта қазақтың жеткен жетістігі мен қатар кері кеткен кезірлігі де бар екендігін естен шығармауымыз керек. Біз де Шәкәрім бабамыз сияқты неге өзімізге бір уақыт сынмен қарамасақ.

Дос мақтайды сен жақсы көрмек үшін,
Дұспан мақтар елірте бермек үшін,
Есептемей есірік елің мақтар,

Көп нені айтса, соны айтып ермек үшін,- дегендей бізде қазір көзге мақтау мен сырттан есектеп ғайбаттау үйреншікті әдетке айналды. Жапаға жалғыз кеткен ақынның ақтық сөзіне құлақ түрейікші: «...Сондағы менің ойым, мақсатым не? Білесіңдер ме? Қалған өмірімді жазумен, ізденумен өткізбек болғам. Сол ойымды, тапқанымды жазып, кейінгіге қалдырмақ болдым. Өз заманым үшін жазғаным жоқ. Келер дәуірдің адамы үшін жаздым. Адамның арты бүгінгілер емес, кейін де келешек те бар. Өмір жаңара бермек, өмір жаңасы – адам тазара бермек... Тарихтың алтындай тазасы, алмастай асылы жаңа дәуірдің іргетасы болмақ. Сол іргетастың бір көрегіне жарарлық тас сынығын таппақын, соны жазбақпын».

Міне, Шәкәрім бабамыздың арманы қазақты ел ету болса, біздің – мына, бүгінгі ұрпақтың кері кетуге еш құқы жоқ. Ақын сөздерін көкейге түйе жүрейік, ағайын. Өйткені, Шәкәрім мұрасы – кешегі мен бүгінгінің ғана емес, ертеңінің де рухани азығы!

Бауыржан ЕРДЕМБЕКОВ,
ф.ғ.д., профессор

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасы аса бай және көпқырлы. Абайдың жанында жүріп тікелей шығармашылық тәлім-тәрбиесін көрген Шәкәрім, ұлы ақынның сөз өнеріне деген айрықша сүйіспеншілігі мен ықыласын жүрегімен сезіне жүріп қалыптасты. Шәкәрім шығармашылығының басынан бастап ақындық өнердегі өзінің биік нысанасын дұрыс таңдай білді. Оның шығармашылығындағы ең басты тақырып өмір сүріп отырған заманы мен оның шындығы, ал ой-арманы – қазақ халқының біртұтас ұлт болып ұйысуы болды.

Шәкәрім заманды түзеудің ең бірінші шарты – адамды түзету. Абай да кезінде заманының адамын түзету туралы терең бойлаған. Осы қағиданы Абайдан үлгі етіп алып, барынша зерделеген Шәкәрім өз заманына сын айтып, қоғамдағы жағдайлардың бағытын айқындады.

Алдымен, Шәкәрім – философ, ақын, аудармашы, күйші, әнші, сондай-ақ, шығыс, батыс классиктерінің шығармаларынан нәр алады. Әртүрлі өнер түрлерін үйренеді. Жиырмадан асқанда ел басқару ісіне араласады. Абай қайтыс болған соң, ақын аға өсиетімен 1905-1906 жылдары қажылық сапармен Араб, Түрік, Еуропа елдерін аралайды. Бұл туралы: «Жасымнан жетік білдім түрік тілін» атты өлеңінде:

*Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім.
Ерінбей еңбек етіп, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыдан туып күнім.
Оятқан мені ерте – Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сыры.
Талпынып орыс тілін үйренумен
Надандықтың тазарып, кетті кірі [1,
116] деп өз пікірін айтады.*

Екіншіден, ақын мұсылмандық білімнің қыр-сырын жетік меңгерген. Бұл туралы шығармалары да, еңбектері де бар. Мәселен, «Мұсылмандық шарты» дәлел болады. Өзі қажылыққа барса да, мұсылмандық негіздерін толық меңгерсе де, ол адамдарды дініне, тіліне, діліне қарай бөлуге қарсы. Шәкәрім үшін барша адамзат болмысы – біреу. «Жер жүзіне қарасам» өлеңінде:

*Жер жүзіне қарасам,
Неше түрлі халық бар.
Дін, иманын, санасам,
Мыңнан артық анық бар.
«Бұл қалай?» деп ойласам,
Мұның да бір сыры бар [2, 288] деп қорытындылайды. Бұл жазбаның идеялық мақсаты адамдарды бауырмалдылық тәрбиелеу екенін көрсетеді. Шәкәрім де Абай сияқты адам баласын тең деп санаған. Дінге байланысты да өз ойы бар*

ерекше ақын ретінде адамды әртүрлі діндер біріктірмей керісінше жіктейді деген ойды айтқан болатын.

Үшіншіден, тарихшы, шежіреші: ол түрік халықтарының ортақ шежіресін жазып шықты. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты Орынбор қаласының «Кари-мов, Хусайнов ошеркасының матбағасында жарық көрген еңбегінде қазақ халқымен бірге, барша түркі халықтарына ортақ шежірені көрсетті.



Төртіншіден, заманды түзеу, ең алдымен жастардың үлесіндегі міндет екенін айта келіп, өзінің ғибратты сөздерін де ақын бірінші кезекте сол жастарға арнайды, жасөспірім, көкөрім замандастарын ескіден арылып, жаңамен жылдам жалғасуға үндейді. Жастарға үміт артады. «Жастарға» атты өлеңінде:

*Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалдық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық [1,
109] деп, жастарды адал еңбек етіп, білім алуға шақырады. Бұл жағынан алғанда, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының жастарға беретін педагогикалық ой түйіндері мен тәрбиелік маңызы өте зор.*

Бесіншіден, ақынның өмірлік ұстанымы – ар білімін игеру. «Ғылымсыз адам – айуан» атты өлеңінде:

*Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да, ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса, ғылым түл.
Ақылға еркін ой керек,
Матаудан ойды азат қыл [2, 273] деп,*

барлық істің бастауын ғылым үйренуге, тіл үйренуге, өз ортасын құрметтеуге, өзгелердің пікірімен санаса білуге шақырады. Бұл арада кейіптеудің ерекше түрін пайдалана отырып, матаулы ой деген ұғымға назар аудартады. Жалпы түсінікте ой еркін, оның шегі жоқ деген ұғымды білсек, Шәкәрімде ол ой матаулы, байлаулы, құлданған ой. Ойдың құлдыққа түсуі, адамның мәңгірттенуімен тең.

Алтыншыдан, қандай заман болмасын, адамгершілікке жақ болуды көздейді. Бұл тақырып «Адамшылық», «Адамнан артық жәндік жаралмаған», «Адам немене?» деген өлеңдерінде бейнеленген. «Адамшылық» өлеңінде:

*... Мейірім – жақсы,
зұлымдық жаман дейсің,
Қасқырлыққа қайтесің құр дөңгелеп.
Жаны ашып жәрдем*

*қылмай өткен адам, –
Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек*

[1, 224] деп түйін жасаса, «Адамнан артық жәндік жаралмаған» атты өлеңінде иттің адамға көмектескенін көрсетеді де, «Шын досың – жақсылықты ұмытпаған дос» деп адамның күні – қоршаған ортасымен мәнді екенін меңзейді. Хайуан мен адамды салыстыра отырып, қарапайым мысалмен гуманистік терең ойды береді. Жалпы адамшылық туралы айтқанда Шәкәрім өзіне дейінгі көптеген философтардан да тереңірек мағынаға назар аудартады.

Жетіншіден, шындыққа жетудің жолы түрлі-түрлі, бірақ түбінде жеңетіні ақиқат екендігін айтады.

*Ақ жүрек пен Таза ақыл,
Қылсаң адал еңбек, –
Бәрінен де сол мақұл –
Артқыға жол бермек.
Арсыздардың түкке тұрмай
Арам ойы жоһылып,
Аяғында хақиқатты*

Бұл үшеуі жеңбек [2, 300] дей отырып, бұл өлеңінде ақын адамзат баласын жаман әдеттен бой сақтауға үгіттей отырып, өз заманындағы әлеуметтің, саяси кемшіліктердің бетпердесі ашылып, түбінде ақиқаттың болатынына сенім білдіреді.

Сегізіншіден, келер ұрпақ алдына борыш өтеу мәселесін қояды. Бұл борыш, яғни адамдық борыш – өз еліңе еңбек ету керектігін айтады. Борышты орындау жолында ар сақтау, ардың жолынынан айнымау туралы тоқталады.

Қорыта айтқанда, Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығы жаһандану жағдайында жастардың бойында адамгершілікті қалыптастырудың педагогикалық бағыты мен бағдары бола алады. Шәкәрім шығармалары арқылы жас ұрпақтың ұлттық болмысын сақтау, олардың санасында жалпыадамзаттық аядағы қазақ дүниетанымын қалыптастыру, әлемдік өркениетке қазақ болып кіру, қазақтың тұтас этностық сипатын сақтай отырып, әлемдік аренадан орнын айқындау жолында таптырмас құрал бола алады.

Айман ТОҚСАМБАЕВА,
филология ғылымдарының
кандидаты



«АР ТҮЗЕЙТІН БІР ҒЫЛЫМ ТАБЫЛМАСА...»

Дана Шәкәрім қоғамға ар білімі керек деген байламға неге келді? Адамның ары – ақылдың безбені. Шәкәрім ұсынған ар – адамның ішкі тазалығы. Ішкі тазалық дегеніміз – бойында ұяты мен кісілігі бар, талабы мен жігері мықты болу. Ар, ол – Ұждан, «ұждан – екі өмірдің азығы». Ақыл көзі мен ұжданы үндескен жан мейірімді, қайырымды, ниеті түзу болады. Ниеті түзу жан жамандыққа бармайды, өзгелерге қиянат жасай алмайды.

*Ұждандыны мақтайды тамам адам,
Мейлі ғалым болса да, мейлі надан.
Ар, нысаппен іс қылып, азап тартып,
Ақ жолында өледі бірталай жан, –*

деген жолдарда да адамның адамдық қасиеті ұжданға негізделетінін баса көрсетеді.

Осылайша дана Шәкәрім қазақ қоғамын түзетудің жолын ұсынады. Ол – Ар білімі. «Ең алдымен барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. ...сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай». Адам баласының өзімен өзі жүресіп, нәпсіні жеңуі қиын іс. Ақылдың саулығынан айырылуы да осы нәпсіде жатыр. Пендені бұзатын да нәпсі.

Адамды бақытқа жеткізетін жол іздеген данышпан Шәкәрім «ақылға сынат әр істі» деп ақиқатты танудағы ақылдың орнын айқындап береді. Таза ақылмен келген еңбек – байлық, ал сол байлықты барша адамзат баласының игілігіне жарату керек. «Ақыл қарауында адам толығы барша адамға бақ іздеген болады», – деген Шәкәрім ойы Абай ұсынған толық адам тұжырымымен үндес. Ақылмен тізгіндете білген адам қоғам игілігі үшін қызмет ететіні анық.

*Ерді адалдық жолға бастайтын,
Елді арамдыққа есте баспайтын,
Басшы адам қойылса.*

Міне, Шәкәрім аңсаған басшы.

Ардан аттамайтын, нәпсісінің жетегіне ермейтін басшы.

*Ақынның:
Мына көзді қалдырып,
Көңіл көзін көзің қыл.
Бас көзімен қаңғырып,
Ұқпай қойсаң, өзің біл.*

деген тағылымының астары да осы ойдың жалғасы. Саналылық ұғымын Шәкәрім «көңілдік көзі» деп астарлап айтады. Көңіл көзі – адамның

жан-дүниесінің сәулесі, адам жүрегінің қуаты. «Бас көзі жұмылады, көңіл көзі жұмылмайды» (Шәкәрім). Көңіл көзінің тазалығы жүректегі иманда жатыр.

Бүгінгі таңда ата-бабамыздан келе жатқан сенімге селкеу түсті. Діни ала-құлалық белең алуда. Не істеу керек? Кімге сену керек? Ақиқаты неде?

Шәкәрімге жүгінсек:
*Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай – бір, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.*
немесе

«...Және қатты керек бір шарты – өзінің тұтқан діні, оқыған – ұғынғаны, қалыптанған әдеті, құмар ісі бәлендей жақсы кісі айтты деп нанып қалған сөзіне біржола байланып қалмай, ақылын әбден шын босатып, сол екі жолдағылардың жазған кітап, айтқан сөз, қылған істері һәм оларға қарсы айтқан сөздердің бәрін ноқтасыз, науқассыз сау ақылмен сынау керек. Әйтпесе, адам әдет, құмар нанымынан шыға алмай, арқандаулы ат сияқты болады», – дейді.

Сау ақыл – ақиқатты тануға бастайтын таным. Өз-өзінді сау ақылға сынатсаң алуан түрлі діндердің ықпалына түспейсің. Шәкәрім «Таза ақылмен таппаған дін, Шын дін емес жындылық» немесе «Айнымайтын ақ жүрек пен, Таза ақылды адамның, Таппасы жоқ бұл өмірде, Осыны ұқ балам» деп адамзат баласын «таза ақылға» үндейді.

Қазіргі заман – білім мен ғылым ғасыры. Дана Шәкәрім «Ғылымнан көзілдірік кимеген ел, Туралап көре алмас күннің көзін», – деп тереңнен ой қозғайды. Ғылым көзілдірігі деген не? Жауапты ақынның өзінен іздеп көрелік, «ғылымның түп атасы – таза ақылмен ойлану». Ал ұлы Абай: «Адамның көңілі шын мейіренсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейіреніп, тезірек қолға түседі» демеп пе еді. Абайдың да, Шәкәрімнің де даналығының негізінде қазақты түзетудің бірден-бір жолы білім мен өнер үйренуде екендігіне сендіру болды.

Шәкәрім сөздері жай ғана нақыл сөз емес. Ол – адамзат баласының өзін-өзі жетілдірудің, ізгі қоғам қалыптастырудың салтанат құруына арналған бағдарламалық жол. Сол жолдың бастауында Ар білімі тұр.

Ақмарал СМАҒҰЛОВА,
филология ғылымдарының кандидаты

А ВЫ ЗНАЛИ, ЧТО.....

• Отец Шакарима Кудайберды – старший брат Абая.

• Настоящее имя поэта – Шакарим.

• С 5 лет Шакарим обучался у аульного муллы

• Шакарим Кудайбердиев перевел известный роман американской писательницы Г.Бичер-Стоу «Хижина дяди Тома», рассказы Льва Толстого и прозаические произведения А.С. Пушкина.

• С 14 лет Шакарим сам сочинял музыку, владел кузнечным ремеслом, был искусным охотником, держал ястреба, скаковых коней.

• В 20 лет Шакарим был вовлечен в политику, стал волостным правителем

• Голландец Альвин Эрнестович Бимбоэс первым переписал на ноты песни Шакарима

• 1905-1906 гг. Шакарим совершил хадж в Мекку.

• В 2008 году была выпущена почтовая марка Казахстана, посвященная Кудайбердиеву.

• Впервые был разработан многофункциональный Web сайт www.shakarim.kz, посвященный творчеству поэта.

• В университете, названного в честь поэта, работает Высший колледж Шакарима, конференц-зал «Уш анык» и интеллектуальный центр «Шәкәрім жастары».

• 2008 году перед главным корпусом университета был установлен памятник Шакарима Кудайбердиева.

• В стенах университета ежегодно проводятся «Шакаримские чтения».

ВЕЛИКИЙ СЫН КАЗАХСКОЙ ЗЕМЛИ

165 лет со дня рождения Шакарима Кудайбердиева



Шакарим Кудайбердиев – одна из ярких фигур в истории казахской литературы послеабаевского периода, его творчество как бы завершает путь казахской литературы XIX века и соединяет реалистические, гуманистические и демократические традиции с новым временем, как бы передавая их в дальнейшие надежные руки.

Шакарим Кудайбердиев родился в 1858 году в Шынгыстауском районе (ныне Абайский район) Семипалатинской (ныне Восточно-Казахстанская) области в влиятельной феодальной семье. Его отец Кудайберды – сын Кунанбая, старший брат великого казахского поэта Абая Кунанбаева. С семи лет оставшись без отца, Шакарим воспитывался в доме Абая, что наложила неизгладимый отпечаток на его мировоззрение и творческие способности.

Шакарим живо интересовался историей западной философской мысли, идеями таких как Огюст Кант и Артур Шопенгауэр. Он размышлял над социальными вопросами своего времени, мечтал о справедливом устройстве жизни – без насилия власть имущих, эгоизма и костности. Шакарим выбрал нелегкий путь искателя истины, он был одержим жаждой познания нового.

Шакарим Кудайбердиев был автором многочисленных стихотворений, поэм, повестей, переводов. При жизни поэта был опубликован сборник стихов «Зеркало казахов» (1912 г), много его стихов сохранилось в рукописном виде и памяти народа. Шакарим написал сюжетные романтические поэмы «Калкаман-Мамыр», «Енлик-Кебек» (обе изданы в 1912 г.), «Нартайлак-Айсулу», он создал роман «Адиль-Мария» и несколько рассказов на нравственные темы.

Шакарим Кудайбердиев – один из видных деятелей своего времени, чья жизнь и творчество до сих пор изучается и будет изучаться поколениями. Но на самом деле Шакарим Кудайбердиев известен казахскому народу не только как поэт, но и как переводчик-полиглот, который, помимо родного казахского, свободно владел арабским, персидским и русским языками. Он перевёл на казахский лирические произведения Хафиза, Навои, поэму «Лейли и Меджнун» Физули, роман «Хижина дяди Тома» Гарриет Бичер-Стоу, повести и рассказы Александра Пушкина, Джорджа Байрона и Льва Толстого.

Также Кудайбердиев известен как композитор-песенник. Его песни

впервые переложил на ноты известный этномузыковед немецкого происхождения Альвин Бимбоэс, а затем, в 1925 и 1931 годах, песни Шакарима попали в сборник 500 и 1000 «Казахских народных песен и кюев» Александра Затаевича. «К тому же Кудайбердиев имел энциклопедические познания, был путешественником и философом.

Просматривая биографию и генеалогию Шакарима, удалось увидеть действительную трагедию поколений. Всю жизнь в страхе прожили его потомки, пережив весь кошмар репрессивной машины. Советская власть считала их тоже врагами народа. Дети и внуки Шакарима скитались по лагерям Сибири, пережили презрения окружающих и унижения. Но они выжили и стали уважаемыми людьми. Они дождались того времени когда их предок был реабилитирован. Сегодня Шакарима справедливо считают великим творцом. Но многое из жизни степного философа неизвестно.

Трагедия целого поколения ощутима только сегодня, и мыслями и доводами, для этого служат многие факты деятельности этих великих людей. Наряду с великим даром и талантом, которыми наделила природа Шакарима Кудайбердиева, она забрала самое важное – жизнь. Может быть, поэтому Шакарим торопился познать непознанное, ощутить неосязаемое и донести до каждого из нас, насколько важно жить и творить.

Нурсулу САУРЫКОВА,
журналист

СОВРЕМЕННОЕ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ О ШАКАРИМЕ: НОВОЕ ПРОЧТЕНИЕ И ИЗУЧЕНИЕ

Научные исследования отечественных литературоведов последних лет о жизни и творчестве Шакарима Кудайбердиева выполнены в контексте идеи «очищения историко-литературных феноменов от ложных напластований и актуализации высоконаучного подхода к искусству слова». Энциклопедическая образованность, знание арабского, персидского, турецкого и русского языков способствовали тому, что научные труды выдающегося мыслителя XX века, поэта, переводчика Шакарима Кудайбердиева широко известны не только в области литературы, но и истории, философии. Ему были знакомы труды философов Запада – Огюста Конта и Артура Шопенгауэра, чьи философские воззрения становились предметом глубоких размышлений. Он переводил на казахский язык произведения Хафиза, Физули, Гарриет Бичер-Стоу, А.С. Пушкина, Л.Н. Толстого...

Творчество Шакарима стало принципиально новым явлением в казахской литературе. По авторитетному мнению член-корреспондента НАН РК Ш.К. Сатпаевой, произведения поэта и прозаика, мыслителя и композитора, одного из лучших представителей казахской литературы XIX и начала XX веков Шакарима Кудайбердиева (1858-1931), «к кому долгие годы предъявлялись необоснованные обвинения, выдержали проверку временем. Влияние его творчества на развитие казахской литературы трудно переоценить. Верность реалистическим традициям Абая, отточенность поэтической формы, чуткость к дыханию своего времени, новаторство жанров – все это лучшие черты поэзии Шакарима».

Как о самом талантливом ученике великого Абая, основоположнике поэтической школы пишет о Шакариме известный востоковед, доктор филологических наук, профессор У. Кумисбаев в

монографии «Глубокие корни». Абай «знал и высоко ценил русскую литературу. Шакарим воспринял традиции Абая, человечность, гуманистичность его поэзии», – приходят к выводу литературоведы Казахстана и Беларуси.

Постоянная тема творчества Шакарима, что проходила красной нитью через все его произведения, – взаимоотношение писателя и общества. Назначение литературы поэт-мыслитель видел в служении интересам общества, совершенствовании человека и улучшении жизни путем воплощения гуманистических идеалов. В 1930 году он написал пророческие строки: «Люди, имеющие разум, совесть, питающие чувство милосердия к братьям своим, не могут жить истребляя, губя друг друга». Познать истину жизни – вот к чему стремился поэт-мыслитель. Мысль как тончайшим эфиром проникнуто каждое его поэтическое произведение.

Казахское литературоведение, безусловно, «обогащает портрет Шакарима новыми чертами, исследует его творчество с разных сторон, даст достойную оценку его высокохудожественным произведениям, поныне не утратившим своего значения», – завещала Ш.К. Сатпаева, автор монографии о творчестве поэта, последующим поколениям отечественных литературоведов. Его авторская картина мира, поэтика и стиль художественных произведений отражают жизнь, думы и чаяния родного народа, духовные поиски интеллигенции, веру в гуманистические идеалы.

Светлана АНАНЬЕВА,
зав. отделом международных связей и мировой
литературы Института литературы и искусства
им.М.О.Ауэзова



Елімізде Шәкәрім Құдайбердіұлы атында 8 мектеп бар. Олар:

- Шәкәрім атындағы үш тілде оқытатын көпбейінді гимназия (Семей қ.);
- Шәкәрім атындағы №1 орта мектебі (Өскемен қ.);
- Шәкәрім атындағы №66 жалпы білім беретін орта мектеп (Ақтөбе қ., Сазды ауылы);
- №20 Ш. Құдайбердиев атындағы жалпы орта мектебі (ОҚО, Қ.Сәтпаев ауылы);
- Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей (Нұр-Сұлтан қ.);
- Шәкәрім атындағы гимназиясы (Қарағанды қ.);
- Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы №190 орта мектебі (Алматы қ.);
- №75 Шәкәрім Құдайбердіұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектеп (Алматы қ.).

ҚАРА ШАҢЫРАҚ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ҮЗДІК ДЕП ТАНЫЛҒАН ЕҢБЕКТЕРІ «ШӘКӘРІМ КІТАПХАНАСЫ» СЕРИЯСЫМЕН ЖАРЫҚ КӨРЕДІ




ШӘКӘРІМ КІТАПХАНАСЫ



2021 ЖЫЛДАН БАСТАП БІЛІМ ОРДАСЫНДА ШӘКӘРІМ ГРАНТЫ МЕН СТИПЕНДИЯСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

ПРЕДЛАГАЕМ ВАМ РАЗГАДАТЬ КРОССВОРД И ЗАКРЕПИТЬ СВОИ ЗНАНИЯ О ШАКАРИМЕ



1. Назовите имя второй супруги Шакарима Кудайбердиева.
2. Кто был наставником великого поэта?
3. В какой местности родился поэт?
4. В каком национально-освободительном движении участвовал Шакарим?
5. Назовите философский трактат мыслителя
6. Романтическая поэма писателя, изданная в 1912 году
7. Какое поэтическое произведение А.С.Пушкина перевел Шакарим?

*Қазақтан мендей ұл туса,
Осындай түзу жол қуса,
Хақиқат іздеп бел буса
Ол да бір жақсы ырым-ды*

ШӘКӘРІМ

Әбдуәліұлы Шәукен
(Оразғали) Бақашов
(1904-1977)

Шәкәрім қажының суретін
30 жылға тақау сақтап қалып,
үлкен ерлік жасаған.



Талиға Бекхожина (1919-1995) - музыкатанушы, музыка фольклоршысы, әнші Талиға Бекхожина Шәкәрім әндерін жинап құрастырушы.

Қабыш Кәрімқұлұлы
(1907-1970) – әнші,
өнерпаз. Шәкәрім әндерін
орындаушы. Қабыш
Шәкәрім жатқан құрқудықты
30 жыл бойы күзетіп
халқына табыстап, қазақ
өнері тарихына зор үлес
косты.



ШӘКӘРІМ ҚАЖЫ ТУРАЛЫ ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕКТЕР

1. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Абайдың туған ағасы. Шәкәрім сонда Абайға немере іні болып келеді.
2. Шәкәрімнің шын есімі «Шаһкәрім».
3. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін тәлім алады. Араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік білді.
4. Шәкәрім 20 жасында болыс болады.
5. Домбыра тартып, гармоньда ойнаған. Ән айтып, саятшылық құрған, сурет салып, өмірін ғылымнан өзге осындай өнер түрлеріне арнаған. Өзі ән айтумен қатар 14 жасынан бастап ән шығара бастады, түрлі аспаптарда ойнауы былай тұрсын, ағаштан ойып мандалин, қобыз сынды аспаптарды жасады, қолданбалы өнермен шұғылданған, киім де тіккен.
6. Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді» деген әні А.В. Затаевичтің 1931 жылы жарық көрген «Қазақ халқының 500 әні мен күйі» деген жинағында «Шәкәрім Құдайбердин әні» деген атпен жарияланған.
7. Шәкәрімнің әндерін өзінен үйренгендердің ішінен көпке танымал әнші Қабыш Керімқұлов болса керек. Шәкәрім әндерінің бірден-бір насихатшысы, жанашыр іздеушісі әрі орындаушысы әнші Келденбай Ұлмесеков болды. Ол ел ішінде ұмыт болып бара жатқан ақынның біраз әндерін жинастырып, жарыққа шығарды, қазақ радиосының Алтын қорына жазғызды.
8. Бүгінде Шәкәрім қажы атындағы университетте Шәкәрім жоғары колледжі, «Үш анық» конференц-залы, «Шәкәрім жастары» интеллектуалды орталығы жұмыс істейді. 2008 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлына арналған ескерткіш қойылды.
9. Тұңғыш рет «Шәкәрім және өнер» ән байқауы өтті.
10. Тұңғыш рет Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығына арналған көпфункционалды Web сайт жасақталды: www.shakarim.kz.
11. Қара шаңырағымызда дәстүрлі «ШӘКӘРІМ ОҚУЛАРЫ» өткізіледі.



М.Мағауиннің
құрастыруымен 1978
жылы Ленинградта жарық
көрген “Поэты Казахстана”
жинағына Шәкәрім ақынның
алғаш рет орыс тіліне
аударылған он төрт өлеңі
енгізіліп, өмірбаяндық
деректер берілді.

Бейсембай Кенжебаев
(1904-1987) әдебиетші, ғалым.
1935 жылы А.С.Пушкиннің
таңдамалы шығармалар
жинағына Шәкәрімнің
аудармасын енгізеді.



Альвин Бимбоэс Эрнестович (1878-1942) - экономист-ғалым, социолог, журналист, қазақ халқының музыкалық шығармаларын жинастырушы. Шәкәрім әндерін тұңғыш нотаға түсіруші. Оның «Музыкалық этнография» атты жинағының ішінде «№1 Шакарим», «№2 Шакарим» деген атпен Шәкәрімнің екі әні жарық көреді.

Құрылтайшысы:
«Семей қаласының
Шәкәрім атындағы
университеті»
КеАҚ



Қазақстан
Республикасының
Ақпарат және
коммуникациялар
министрлігінің
Ақпарат комитеті
берген тіркеу куәлігі
№ 17310-Г
13 қазан 2018 жыл.

Бас редактор: Жансая ТӨЛЕУҒАЗЫ
Дизайнер: Серікбол МЫРЗАБЕКОВ
Фотограф: Мұратжан МҰРАТОВ

✉ semgu_2020@bk.ru
🌐 <http://shakarim.edu.kz/>
📱 @shakarim_university

Білім алушы жастарға арналған
ақпараттық-танымдық басылым
айына бір рет шығады.

Газет «Семей қаласының Шәкәрім атындағы
университеті» КеАҚ медиа орталықта
басылып шығарылды.
Таралымы 500 дана

Редакцияның мекен-жайы:
Семей қаласы, Глинка көшесі, 20 а